

**АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ:
ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ЖАҢАРТУҒА ЖӘНЕ
ЖАҚСАРТУҒА БАҒДАРЛАНУ**

**SOCIAL AND ENGINEERING INFRASTRUCTURE OF RURAL AREAS:
FOCUS ON RENEWAL AND IMPROVEMENT OF THE WELFARE
OF THE RURAL POPULATION OF KAZAKHSTAN**

**СОЦИАЛЬНАЯ И ИНЖЕНЕРНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ:
ОРИЕНТАЦИЯ НА ОБНОВЛЕНИЕ И УЛУЧШЕНИЕ БЛАГОСОСТОЯНИЯ
СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА**

Д. ЖЕНСХАН ^{1*}

Э.Ф.К.

Б.Е. РУСТЕМБАЕВ ²

Э.Ф.Д.

А.Ж. НУКЕШЕВА ¹

Э.Ф.К.

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан

²Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

*автордың электрондық поштасы: azan_tanat@mail.ru

D. ZHENSHAN ^{1*}

C.E.Sc.

B. RUSTEMBAEV ²

Dr.E.Sc.

A.ZH. NUKESHEVA ¹

C.E.Sc.

¹S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana, Kazakhstan

²Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development, Almaty, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: azan_tanat@mail.ru

Д. ЖЕНСХАН ^{1*}

К.Э.Н.

Б.Е. РУСТЕМБАЕВ ²

Д.Э.Н.

А.Ж. НУКЕШЕВА ¹

К.Э.Н.

¹Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина, Астана, Казахстан

²Казахский научно-исследовательский институт экономики агропромышленного комплекса и развития сельских территорий,

Алматы, Казахстан

*электронная почта автора: azan_tanat@mail.ru


Аңдатпа. *Мақсаты* – ауылдық аумақтарды дамыту үшін әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның маңыздылығын, оның демографиялық жағдайға, ауыл тұрғындарының табыс деңгейіне қаншалықты әсер ететінін көрсету; проблемаларды шешудің тиімді жолдарын негіздеу. Зерттеу барысында экономикалық-статистикалық, дерексіз-логикалық, монографиялық, салыстырмалы талдау, жүйелеу, логистикалық әдістері қолданылған. *Нәтижелері* – мемлекеттік қолдау шаралары мен бағдарламаларына, қазақстандық ауылдың тұрақты дамуы үшін әзірленген ұлттық жобаларға қарамастан, ауылдық жерлерде жағдайды қиындататын бірқатар себептер анықталды, олардың негізгілері демографиялық үдерістер, қабілетті халықтың көші-қоны болып табылады. тұрғындардың әл-ауқаты, сатып алу қабілетінің төмендігі, судың жетіспеушілігі, жол төсеміне, көлікке, интернетке, әлеуметтік

автобус маршруттарын ұйымдастыру қарастырылған [5].

Осындай мемлекеттік қолдауларға қарамастан елімізде қазіргі кезде бірқатар ескі проблемалар өзекті болып отырғаны жасырын емес. Еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы деректерді ескеретін болсақ, ауылдық территориялардағы әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдардың ескіруі мен заманауи талаптарға сәйкес келмеуі салдарынан ауылдық елді мекендер саны мен ондағы тұрғындар саны жылдан-жылға азайып отыр. Атап айтқанда 1991 жылмен 2021 жылды салыстырғанда ауылдық елді мекендердің саны 20 пайызға азайған

(сурет), сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі екі есеге дейін қысқарған [қараңыз 2].

Республика бойынша ауыл тұрғындары санының ең көп үлесі 2008 жылы (46,9%) тіркелген. Бұл көрсеткіш 2022 жылдың басындағы көрсеткішпен салыстырғанда 6,4% төмен. Бұл жағдайлар ауылдық аумақтардағы әлеуметтік бақылаудың төмендеуіне, ауылдың өмір салтына тән дәстүрлерді қоғамдық санадан шығаруға әкеледі және азық-түлік пен ұлттық қауіпсіздік проблемаларды қалыптастыратын күрделі құбылыстың жоғалуына әкелуі мүмкін.



Ескерту: автормен [қараңыз 2] әдебиет негізінде құрастырылды
 Сурет – Республика бойынша ауылдық елді мекендер саны мен ауыл тұрғындарының үлесі, 2000-2021жж.

Аталған проблемалар ауылдық елді мекен тұрғындарының өмір сүру сапасының төмендеуіне және ең алдымен белгілі бір елді мекенде тұрудың жайлылығын анықтайтын әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымның фрагментациясы мен жеткіліксіздігіне байланысты. Еліміздің ауылдық аумақтарындағы қазіргі кездегі ең өткір инженерлік инфрақұрылымдық проблемалары: ауыз суға, жол қатынастарына, көлікке, интернетке қолжетімділіктің барлық ауылдық елді мекендерде бірдей бола бермеуі [6,7].

Мамандардың зерттеулері бойынша 2022 жылдың басында, миллионнан астам тұрғын ауыз су тапшылығын бастан кешуде.

Ауылдық жерлерде 770 мыңнан астам адам орталықтандырылған сумен жабдықтаумен қамтамасыз етілмеген, әсіресе Түркістан, Қостанай, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарындағы жағдай күрделі күйінде қалып отыр [қараңыз 5].

Ел бойынша ауылдардың тек 22%-ы ғана газбен жабдықталған. Тіпті газдандырылған аймақтарда да отынның бұл түрімен қамтамасыз етілмеген ауылдар бар. Электр желілерінің тозуы ауылдық территориялар үшін үлкен проблема болып қалып отыр, ол ел бойынша орта есеппен 58%-ды құрайды. Цифрландыру ауқымына қарамастан, ауылдық елді мекендердің үштен біріне жуығы интернеттің кең жолақты

қолжетімділікке ие емес [8]. Жағдайы жақсы және қанағаттанарлық деп танылған облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі 71%-ды ғана құрайды. Бірқатар өңірлерде жергілікті жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайының жоғары үлесі сақталған. Бұл Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалады.

Аталған проблемалар құрамын ауылдық территориялардағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жеткіліксіздігімен толықтыра отырып, оның қала мен ауыл тұрғындары арасындағы теңсіздігінің күшеюіне айтарлықтай әсер етіп отырғанын атап өткен жөн. Осы саланы зерттеуші мамандардың мәліметтері бойынша, ауылдардың тек 81%-да ғана денсаулық сақтау қызметтерін тікелей өз елді мекенінен алуға болады.

Мәдени-демалыс мекемелерімен, клубтармен, мәдениет үйлерімен қамтамасыз етілу – 41% шегінде. Спорт нысандарының жағдайы біршама жақсы: елді мекендердің жартысында спорт залдары жоқ, ал ауылдардың тек 3%-ында балалар мен жасөспірімдер мектептері бар. Республика бойынша ауылдық жерлерде 27 апатты және 82 үш ауысымды мектеп жұмыс істейді. Келтірілген проблемалар әлі де, әсіресе шалғай және халқы аз елді мекендердегі тұрғындардың басқа жаққа кетуіне алып келері сөзсіз [9].

Ауылдық аумақтардағы әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдары бойынша

келтіріліген мәселелердің бірінші салдары, демографиялық проблемалардың күшеюіне, оның ішінде ең өткір түрі еңбекке қабілетті халықтың көші-қоны болып табылады. Нақтырақ айтқанда Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, яғни 1990 жылы еліміздегі жалпы халыққа есептегенде ауыл тұрғындарының үлесі 42,9% болды. 1996 жылы бұл көрсеткіш 44,3%-ға дейін өскен.

1993-1995 жылдары еліміздегі жаппай жекешелендіру салдарынан көптеген АЕМ-де жұмыссыздықтың орын алу салдарынан ауыл тұрғындары тағы да азая бастады. 2022 жылдың басында бұл көрсеткіш 40,5% құрап отыр. Ауыл халқының 2 млн-ға жуық тұрғыны төрт ірі қаланың маңына, яғни Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе төңірегінде тұрады [қараңыз 5]. Оларда күнделікті еңбек көші-қоны үшін мүмкіндіктер пайда болды. Бұл құбылыстың салдары әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға айтарлықтай жүктеме келтіруде: тұрғын үйдің жетіспеушілігі және басқалар.

Екінші кезекте экономикалық проблемалар, олардың ең бастысы – жұмыссыздық. Ауылдық жерлердегі жұмыссыздықтың салдарынан – өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейі әлі де жоғары. 2021 жылдың аяғында ол шамамен 1,2 миллион адамды құрайды немесе барлық жұмыспен қамтылған ауыл халқының 32%-дан астамын құрайды (кесте).

Кесте – Ауыл халқының жұмыспен қамтылу жағдайы және табыс деңгейі төмен халықтың үлесі

Көрсеткіштер	2000ж.	2005ж.	2010ж.	2015ж.	2020ж.	2021ж.	Өзгерістер, 2021/2000, %
Ауыл тұрғындарының саны, мың адам	6 504,10	6 460,10	7 383,65	7 578,69	7 693,13	7 728,18	118,8
Жұмыс күші, мың адам	2 784,60	3 421,20	4 088,00	3 769,10	3 768,60	3 752,93	134,8
- жұмыспен қамтылған халық, мың адам.	2 409,00	3 183,10	3873,80	3574,90	3587,50	3576,15	148,4
Оның ішінде:							
- жалдамалы қызметкерлер	962,6	1 447,70	1965,70	2 225,90	2 371,30	2 361,62	245,3
- өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер	1 446,40	1 735,40	1 908,10	1 349,00	1 216,20	1 215,00	84,0
- жұмыссыз халық, мың адам	375,60	238,10	214,20	194,20	181,10	176,78	47,1
Табысы азық-түлік қоржыны құнынан төмен халықтың үлесі), %, оның ішінде:	11,7	5,2	0,4	0,1	0,2	0,1	-11,6
- қала	8,2	2,4	0,3	0,1	0,1	0,1	-8,1
- ауыл	15,3	8,5	0,6	0,2	0,2	0,2	-15,1

Ескерту: автормен [қараңыз 2] әдебиет негізінде құрастырылды

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай еліміздегі жалпы халық санының өсуіне байланысты ауыл тұрғындарының саны да 2021 жылды 2020 жылмен салыстырғанда 18,8% өскен. Соған сәйкес қарастылып отырған кезеңдер арасында ауылдық елді мекендердегі жұмыс күші 34,8%; жұмыспен қамтылған халық 48,4%; жалдамалы қызметкерлер екі жарым есеге дейін артып отыр [қараңыз 2].

Қол жеткізілген оң нәтижелерге қарамастан, ауылдық жерлердегі табысы азық-түлік қоржыны құнынан төмен халықтың үлесі қаламен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Егер, 2021 жылы бұл көрсеткіш қалада 0,1% құраса, ауылдық жерлерде екі есе жоғары, яғни 0,2% тең. Сондықтан, өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер саны әлі де жоғары. Бұл өзара байланысты қиындықтарды тудырады [10]. Мал басын шамадан тыс арттыру, жеке қосалқы шаруашылықтар санын көбейту т.б. Мысалы, жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын ауыл тұрғындары жайылымдар мен шабындықтардың тапшылығы проблемасына тап болуда.

Үшінші кезектегі проблема, ауыл тұрғындарының сатып алу қабілетінің төмендігі және кәсіпкерлер үшін несиелендірудің қолжетімсіздігі. 2022 жылдың 1 тоқсанындағы жағдай бойынша орташа жалақы 285,4 мың теңге болса, ауыл шаруашылығы саласындағы қызметкерлерінің еңбекақысы осыдан екі есе төмен (144,1 мың теңге) болып отыр. Сонымен қатар, ауыл кәсіпкерлерінің өтімді кепілдігінің болмауы, кәсіпкерліктің дамуын тежейді.

Жалпы алғанда, қалалардағы экономикалық белсенділіктің шоғырлануына байланысты қала және ауыл тұрғындарының табыс деңгейінің айырмашылығы белгілі бір «табиғи» деңгейде болуы мүмкін, бірақ мемлекеттің міндеті – бұл алшақтықтың кеңейіп кетуіне жол бермеу [11]. Сондықтан аталған проблемаларды шешудің негізгі тетіктері ауылдық жерлерде әлеуметтік қолдау шараларын үнемі жетілдіріп отыру болып табылады.

Талдау мәліметтері ауылдық территориялардағы қалыптасып отырған күрделі проблемалардың туындау себептері – әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдардың артта қалуымен тікелей байланысты екендігін дәлелдеп отыр. Ауыл тұрғындарын сапалы және заманауи инфрақұрылымдармен қамтамасыз ету процесі жергілікті немесе мемлекеттік бюджетпен қаржыландыру нәтижесінде шешімін таба алмайды деп есептейміз.

Себебі, мемлекет тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қазіргі кезеңге дейін ауылдық аумақтарды дамытуға қолдау көрсетіп, оны дамытудың бірқатар бағдарламаларын және стратегиялық бағдарламаларын әзірледі, алайда ол басты проблеманы шешкен жоқ: экономикалық өсу және жұмыс орындарын құру мәселесі қазірге дейін өзекті күйінде қалып отыр. Сондықтан, ауылдық территорияларды және ондағы инфрақұрылымдарды дамытудың ең басты механизмі кәсіпкерлік қызметтерге қолдау көрсету.

Қорытынды. Қазақстанның ауылдық территорияларындағы халықтың сапалы өмір сүруіне қажетті әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту кезінде келесі шаралар мен стратегиялық бағыттар ескерілуі керек деп есептейміз:

1. Сумен жабдықтау, суды бұру және ауылдық елді мекендердің жолдарын салу жөніндегі жұмыстарды мердігерлерлік компанияларға емес, мамандандырылған, орталықтандырылған мемлекеттік (автобан) компанияларға жүктеу өте маңызды. Бұл ауылдық елді мекендердің ішінде де, одан тыс жерлерде де сумен жабдықтау жүйелерін бір мезгілде салу және жол құрылыстарын реконструкциялау жөніндегі кешенді жұмыстарды, объектілерді ауыз сумен қамтамасыз ету, оны кепілді сапалы күтіп-ұстау мен пайдалануды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар.

2. Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мамандандырылған бағыттар бойынша шағын фермерлік шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарын дамыту тетігін қолдану. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өндірістік және қаржылық сауаттылығын арттыру және оларды кооперативтерге біріктіру жөніндегі жұмысты нығайту. Ауыл кәсіпкерлерін дамыту арқылы ауылдық елді мекендердегі бірқатар проблемаларды бір мезгілде шешуге болады, олар: бос еңбек ресурстарын тиімді пайдалану; халықтың табыстылығын арттыру; төлем қабілеттіліктерін нығайту; әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымдарға қажеттіліктерді арттыру және оны сапалы қамтамасыз ету, маман тапшылығын болдырмау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т.б.

3. Өңірлердің мамандану деңгейін ескере отырып, ауылдардың орналасу картасын әзірлеу, әрбір аудан орталығынан мамандандырылған қайта өңдеу зауыттарын құру. Кәсіпорындардың өнім сапасын қатаң бақылау және ауыл шаруашылығы

өнімдерін өндірушіден тұтынушыға технологиялық тізбек бойынша жылжыту, өндіру-сақтау – өңдеу-сату. Қазіргі таңда елімізде өнеркәсіптік қайта өңдеуге жарамды ауыл шаруашылығы шикізаты жеткілікті көлемде өндірілмейді, өнімді сатып алу, сақтау, бастапқы қайта өңдеу, тасымалдау және өткізу салаларында оны қайта өңдеушілерге және нарықтарға уақтылы жеткізуге қабілетті инфрақұрылым дамымаған.

Нәтижесінде, өңдеуші кәсіпорындар толық қуатқа жүктелмеген, ал дайын (қайта өңделген) тамақ өнімдерінің жеткіліксіз өндірісі жеміс-көкөніс консервілерін, шұжықтар мен еттен, ірімшіктерден, кілегейден, қоюландырылған сүттен және тамақ өнімдерінің басқа да түрлерінен жасалған консервілерді импорттық жеткізудің ұлғаюына алып келеді. Бұл проблеманы шешу халықтың табысын арттырп, инженерлік инфрақұрылымның дамуына өте үлкен әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Нукешева, А.Ж. Қазақстанның ауылдық жерлерінің әлеуметтік инфрақұрылымы / А.Ж. Нукешева, Д. Женсхан, Р.С.Мусина // Аграрлық нарық проблемалары. – 2018.- № 4.- Б. 178-184.

[2] Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросының мәліметтері [Электрондық ресурс].- 2022. - URL: <https://www.stat.gov.kz> (қаралған күні: 10.06.2022).

[3] Косымбаева, Ш.И. Ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымын басқаруды жетілдіру/ Ш.И. Косымбаева, А.Ж. Нукешева, Г.М. Кадырова // Вестник университета «Туран». - 2019.-№ 3(83).-Б. 169-173.

[4] Скляр, Р.В. «Ауыл – ел бесігі»: нәтижелері мен жоспарлары [Электрондық ресурс].-2019.-URL: <https://www.strategy2050.kz/ru/news/auyl-el-besigi--rezultaty--i-planu> (қаралған күні: 09.06.2022).

[5] Нигметов, К.К. Проблемы развития сельских территорий. Сайт «Институт экономических исследований» [Электронный ресурс].- 2022.- URL: https://www.economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=4348 (дата обращения: 12.06.2022).

[6] Женсхан, Д. Қазақстанның ауылдық аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуы / Д.Женсхан, Ш.Е. Альпеисова // Проблемы агрорынка.-2021.- №1.- Б. 147-154.

[7] Попова, С.А. Типология сельских территорий по уровню развития инженерной инфраструктуры / С.А. Попова, Е.Е. Смотровва, Е.А. Колпакова// Интеллект. Инновации. Инвестиции.-2020.-№6.- С. 69-78.

[8] Тлеубердиева, А.Т. Анализ Обеспеченности транспортной инфраструктурой

сельских районов Республики Казахстан / А.Т. Тлеубердиева, В.Б. Кулик., К.В. Кулик // Вестник университета «Туран». - 2021.-№ 3(83).-С. 103-111.

[9] Проваленова, Н.В. Ключевые проблемы и основные направления развития социальной инфраструктуры сельских территорий / Н.В Проваленова, А.А. Касимов // Вестник Нижегородского государственного инженерно-экономического института. - 2021.-№ 3 (118) С. 93-104.

[10] Коваленко, Е.Г. Проблемы и механизмы развития сельских территорий /Фундаментальные исследования. – 2012. – № 3-3. – С. 687-690.

[11] Иргалиев, А.А. В 2021 году на развитие 480 сел направят 105 млрд тг - МНЭ РК. Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан [Электронный ресурс].- 2021.- URL: <https://www.primeminister.kz/ru/news/v-2021-godu-narazvitie--480-sel-napravyat-105-mlrd-tg-mne-rk-2033431> (дата обращения: 15.06.2022).

References

[1] Nukesheva, A.Zh. Zhenshan, D. Musina R.S. (2018). Qazaqstannyñ auyldyq jerleriniñ äleumettik infraqurylymy [Social networks of rural areas of Kazakhstan infrastructure]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 4, 178-184 [in Kazakh].

[2] Qazaqstan Respublikasynyñ Strategialyq josparlau және reformalar agenttigi Ұлттық Статистика бюросының мәліметтері [Kazakhstan Respublikasyn Strategiyalyk zhosparlau және reformalar agenttigi Ultyk Statistics byurosynyn malimetteri].-2022.-Available at: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 10.06.2022) [in Kazakh].

[3] Kosymbaeva, Sh.I. Nukesheva, A.Zh. Kadyrova, G.M. (2019). Auyldyq jerlerde äleumettik infraqurylymyn basqarudy jetildiru [Auyldyk zherlerde aleumettik infra-kurylymyn baskarudy zhetildiru]. *Vestnik universiteta «Turan» - Bulletin of the University «Turan»*, 3(83), 169-173 [in Kazakh].

[4] Sklyar, R.V. (2019). «Auyl – el besigi»: rezultaty i plany ["Auyl – el besigi": results and plans]. Available at: <https://www.strategy2050.kz/ru/news/auyl-el--besigi-rezultaty--i-planu> (date of access: 09.06.2022) [in Kazakh].

[5] Nigmatov, K.K. (2022). Problemy razvitia selskih teritori [Problems of rural development] Website «Institute of Economic Research Sait «Institut ekonomicheskikh issledovani». Available at: https://www.economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=4348 (date of access: 12.06.2022) [in Russian].

[6] Zhenkhan, D. Alpeisova SH.E. (2021). Qazaqstannyñ auyldyq audandarynyñ äleumettik-ekonomikalyq damuy [Socio-economic development of rural areas of Kazakhstan]. *Problemy*

agrorynka – Problems of AgriMarket, 1, 147-154 [in Kazakh].

[7] Popova, S.A. Smotrova, E.E.. Kolpakova, E.A. (2020). Tipologija sel'skih territorij po urovnju razvitija inzhenernoj infrastruktury [Typology of rural areas according to the level of development of engineering infrastructure] Intellect. Innovacii. Investicii - Intelligence. Innovation. Investment, 6, 69-78 [in Russian].

[8] Tleuberdieva, A.T. Kulik, V.B. Kulik, K.V. (2021). Analiz Obespechennosti transportnoj infrastrukturoj sel'skih rajonov Respubliki Kazahstan [Analysis of the provision of transport infrastructure in rural areas of the Republic of Kazakhstan]. Vestnik universiteta «Turan» - Bulletin of the University «Turan», 3 (83), 103-111 [in Russian].

[9] Provalenova N.V., Kasimov A.A. (2021). Ključevye problemy i osnovnye napravlenija razvitija social'noj infrastruktury sel'skih territorij [Key problems and main directions of development of social infrastructure of rural territories].

ment of social infrastructure of rural territories]. Vestnik Nizhegorodskogo gosudarstvennogo inzhenerno-jekonomicheskogo instituta- Bulletin of the Nizhny Novgorod State Engineering and Economics Institute, 3(118), 93-104 [in Russian].

[10] Kovalenko, E.G. (2021) Problemy i mehanizmy razvitija sel'skih territorij [Problems and mechanisms of rural development]. Fundamental'nye issledovanija-Fundamental research, 3-3, 687-690 [in Russian].

[11] Irgaliev, A.A. (2021). V 2021 godu na razvitie 480 sel napravjat 105 mlrd tg - MNJe RK. Oficial'nyj informacionnyj resurs Prem'er-Ministra Respubliki Kazahstan [In 2021, 105 billion tenge will be allocated for the development of 480 villages - MNE RK. Official information resource of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://www.primera-minister.kz/ru/news/v-2021-godu-na-razvitie-480-sel-napravyat-105-mlrd-tg-mne-rk-2033431> (date of access: 12.06.2022) [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Женсхан Дарима – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; 010000 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: azan_tanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>.

Рустембаев Базархан Ергешұлы; экономика ғылымдарының докторы, профессор; Басқарма Төрағасы; Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты; 050057 Сатпаев көш., 30б, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: diartur@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0523-5648>.

Нукешева Анар Жасқайратовна; экономика ғылымдарының кандидаты; «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының профессоры; С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; 010000 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: annukesheva@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-3772-3213>.

Information about authors:

Zhenshan Darima - The main author; Candidate of Economic Sciences; Associate professor of the Department of «Management and Marketing»; S. Seifullin Kazakh Agro Technical University; 010000 Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: azan_tanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>.

Rustembayev Bazarkhan; Doctor of Economic Sciences, Professor; Chairman of the Management Board; Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development; 050057 Satpayev str., 30b, Almaty, Kazakhstan; e-mail: diartur@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0523-5648>.

Nukesheva Anar Zhaskairatovna; Candidate of Economic Sciences; Professor Professor of the Department of «Management and Marketing»; S. Seifullin Kazakh Agro Technical University; 010000 Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: annukesheva@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-3772-3213>.

Информация об авторах:

Женсхан Дарима – основной автор; кандидат экономических наук; ассоциированный профессор кафедры «Менеджмент и маркетинг»; Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина; 010000 пр. Женис, 62, г.Астана, Казахстан; e-mail: azan_tanat@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2863-2611>.

Рустембаев Базархан Ергешович; доктор экономических наук, профессор; Председатель Правления; Казахский НИИ экономики АПК и развития сельских территорий; 050057 ул.Сатпаева, 30б, г.Алматы, Казахстан; e-mail: diartur@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0523-5648>.

Нукешева Анар Жасқайратовна; кандидат экономических наук; профессор кафедры «Менеджмент и маркетинг»; Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина; 010000 пр. Женис, 62, г.Астана, Казахстан; e-mail: annukesheva@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-3772-3213>